Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің газеті

# ABAI UNIVERSITY



Студенттікке қабылдау **2 бет**



Қиянатқа қарсылық **3 бет**



Біздің жеңімпаздар **4 бет**



ABAI UNIVERSITY №09 (222) қазан октябрь 2022

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

КҮТТЫҚТАУ

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, БІЛІМ АЛУШЫЛАР!



**Сіздерді егемен Қазақстанның әрбір азаматы үшін ерекше мереке – Республика күнімен құттықтаймын! Еліміздің жеке мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының нышаны ретінде биылғы жылы Республика күні мемлекеттік мереке ретінде тойлануда.**

**Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық ауқымда шексіз жауапкершілік жүгін жүктеді. Қазақстандықтар өздерінің бірлігі мен қажырлы еңбегімен уақыт сынынан өтті. Осындай маңызды тарихи істе еліміздің туы биік, болашағы баянды болсын.**

**Бірлік пен келісімді сақтау және нығайту оңай жұмыс емес. Бұл біздің еліміздің барлық азаматтарының даналығы мен әдептілігін, көрегендігі мен өзара сыйластығын талап етеді.**

**Осы салтанатты күні баршаңызға денсаулық пен амандық, бақыт пен еңбекте және оқуда табыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен көркеюі жолындағы еңбектеріңіз барлық бастамаларыңызда табысты болсын!**

**Құрметпен,**
**ректор Дархан Біләлов**

## 25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ













**22 қазан күні университетімізде Республика күніне арнайы шара өткізілді. Абай университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Дархан Біләлов ұжым мен студенттерді құттықтады. Үздіктердің үздіктері еліміздің жалынды жастарына үлгі тұтарлық тәрбие көрсетіп, шыңдарды бағындырғаны үшін алғыс хаттармен атап өтілді.**

**Іс-шара барысында Республика күніне орай ұйымдастырылған «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбындағы эссе конкурсында орын алған студенттер және «Цифрлық еріктілер» және Honors College студенттері марапатталды.**

**Мереке аясында «Үркер» театры концерттік қойылымын тарту етті. Көптеген дарынды бишілер өз өнерлерімен көрермендердің көзайымына айналды.**

***Баспасөз қызметі***

КҮТТЫҚТАУ

## Мерекелеріңізбен!

**Кәсіби мерекеміз – Халықаралық ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтауымды және ізгі тілектерімді қабыл алыңыздар!**

Құрметті Абай университетінің педагогтары! Сіздер педагогикалық кадрларды даярлау бойынша ерекше миссияны атқарып келесіздер. Ұстаздар ұстаханасы - Абай университетінде болашақ ұстаздардың біліктілігін арттыру, жас мамандардың білімін шыңдау бағытына үлкен мәнберілген. Сіздер күн сайын студенттерге кәсіби жаңа білім беріп қана қоймай, дұрыс шешім қабылдауға және таңдауына жауапкершілікпен қарауға үйретесіздер. Сіздердің арқаларыңызда Абай атындағы ҚазҰПУ студенттер іөз өмір жолын табуға, өздеріне және елге қажетті мамандық алуға мүмкіндікалады.

Өскелең ұрпақтың кәсібилігі, мәдениеті, адамгершілік негіздері мен рухани құндылықтары сіздерге байланысты. Ұстаздың еңбегі шәкіртінің жетістігінде. Ал біздің университеттің мақтан тұтатын түлектері көп!

Студенттермен және жас әріптестерімен жан-жақты тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісуді жалғастырып кележатқан университетіміздің ардагер ұстаздарына ерекше алғысымды білдіргім келеді.

Баршаңызға зор денсаулық, амандық және барлық істерде сәттілік тілеймін!

**Құрметпен,**
**ректор Дархан Біләлов**

## ҰСТАЗДЫҚ - ҰЛАҒАТТЫ МАМАНДЫҚ

**Ұлттың ұлы ұстазы саналатын Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жылтолып отыр. Осыған орай университетімізде 5 қазан күні ұстаздар күніне арналған мерекелік шара өтті. Мерекелік кеш А.Байтұрсынұлының университетімізде сабақ берген көрінісімен ашылды.**





Салтанатты шараға университет проректорлары және университет оқытушылары қатысты.

Академиялы қістер жөніндегі проректор Мақтағали Бектемесов ұлағатты ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, тәлім-тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаздарға алғыс хаттар мен марапаттар табыстады.

Құрметті ұстаздар қауымынбіз де мерекелерімен шын жүректен құттықтап, егеменді еліміздің өрелі де, өнегелі перзенттерін тәрбиелеуде қажырлы қайрат, еңбектеріне жеміс тілейміз.

***Қоғаммен байланыс департаменті***

## ЮНЕСКО АЛАШ АРДАҚТЫСЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

**«Франциясыз Еуропа жоқ!» деген сөз бар. Бұл қанатты сөзде шындықтың табы жатыр. Париж ұлы әлемдік революциялық өзгерістер, идеялар бесігі. Ұлы ойшылдар мен өнер иелерінің қаласы. Ұлы Мұстафа Шоқай өзінің екінші отаны ретінде мойындаған ел. Әлем елдері мәдениетін біріктіру, өзара байланыстыру ісінде ерекше қызмет атқарып келе жатқан ЮНЕСКО-ның Парижде орын тебуі де әрине бұл қаланың ерекше орнына байланысты екені анық. Бұл халықаралық ұйым өзінің көпқырлы қызметін әлемдік мәдениетіне өшпес терең із қалдырған тарихи тұлғалардың өмір жолы мен ұстанымын кең насихаттау ісін ұштастырып келеді. Ағымдағы жылы ЮНЕСКО тарапынан бұл ілтипат қазақ елінің ұлы ағартушы ғалымы және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлына көрсетілді. 4 қазан күні ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб–пәтерінде «Ахмет Байтұрсынұлы және ренессанстық өркениет» аталатын халықаралық конференцияның өткізілуі соның айғағы болды.**



Конференцияда Қазақстанның Франциядағы елшісі Г.Л.Арыстанқұлова ҚР Президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың құттықтау сөзін оқыды. ЮНЕСКО-ның Бас директорының орынбасары Син Цюй мырза қазақ мәдениетінің ұлы өкілі А.Байтұрсынұлы туралы кең көсіле сөйледі. Конференция жұмысына елімізден және басқа мемлекеттерден арнайы келген ғалымдар алаш арысының қызметі мен бай шығармашылық мұрасын түрлі қырларынан талдауға алған баяндамаларын жасады.

Біз төменде осы мәртебелі конференцияға қатысып, сөз сөйлеген ғалым М.Қойгелдінің баянамасынан үзінді жариялап отырмыз.

Басы. Жалғасы 3 бетте

РЕКТОР СТУДЕНТТЕРМЕН

## Town Hall

ФОРМАТЫНДА КЕЗДЕСТІ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Дархан Біләлов Town Hall форматында белсенді студенттермен кездесті. Кездесуге академиялы қмәселелер жөніндегі проректор Мақтағали Бектемесов, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шыңғыс Нұрланов, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков қатысты.**

Кездесу барысында университет басшылығы ЖОО-ның Академиялық саясатын түсіндіріп, оқу үдерісі мен университеттің инфрақұрылымы мен әлеуметтік тәрбие қызметінде, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, оларды әлеуметтік қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен ой бөлісті.

Д.Біләлов кездесудің маңыздылығын атап өтіп, студенттерді белсенділік танытып, өзекті мәселелерді талқылауға шақырды. «Мұндай кездесулер біз үшін өте маңызды. Town Hall – университетіміздің мәселелерін талқылауға және жедел шешімдер қабылдауға тамаша мүмкіндік. Сондықтан нақты шешімдер әзірлеу үшін белсенділік танытып, барлық сұрақтарыңызды қоюға шақырамын», - деді.

Студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып, ректор ғылым мен шығармашылықпен айналысқысы келетін студенттерге әрқашан қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті. «Сіздер еліміздің болашағы үшін ғылым мен білім беруді дамытуда үлкен рөлатқарасыздар. Сондықтан біліміңізді жетілдіріп, қосымша дағдыларға ие болғыңыз келсе, біз сізге әрқашан қолдау көрсетуге дайынбыз. Бәсекеге қабілетті маман болғандарыңызды қалаймыз», - деп пікірбілдірді университет басшысы.

Ш.Нұрланов студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету және мұқтаж студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтіп, студенттерді жатақханалармен қамтамасыз ету мәселесі үнемі назарда болатынын мәлімдеді.

Кездесуге қатысушылардың барлығы ректорға сұрақтарын қойып, жан-жақты жауап алуға мүмкіндік алды.

***Өз тілшімізден***

СТУДЕНТТІК ӨМІР

**Абай университеті «Студенттер қатарына қабылдау» өткізіп, жастар мен қонақтарды керемет көңіл күйге бөледі. Мерекелік кеш Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар жән жастар саясаты жөніндегі департамент және Жастар ісі жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен өткізілді.**

# ҚОШ КЕЛДІҢ, БІРІНШІ КУРС!








Салтанатты жиында Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректор Дархан Біләлов 1 курс студенттеріне жаңа білім жолында сәттілік тілеп, құттықтау сөз сөйледі. Ол өз сөзінде университеттегі факультеттер, кафедралар, ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар мен ғылыми орталықтардың барлығы білім алушылар үшін қызмет етуге толыққанды дайын екенін жеткізді. «Студенттік өмір – адам өміріндегі өте маңызды кезең. Студенттеріміз кәсіби қалыптасуға қадам басып, өмірлік ұстанымдары мен қажеттіліктерін айқындайды. Әрі қарай даму үшін көптеген мүмкіндіктер ашылады. Қамсыз болашаққа қамдану бүгіннен басталуы керек», - деп атап өтті ректор.

Дәстүрлі мереке бірінші курс студенттерінің шеруімен басталды. Үздік бірінші курс студенттерінің бірі салтанатты түрде ант қабылдап, білім кілті мен студенттік билетті алды. Салтанатты шараға 2 мыңнан астам адам қатысты.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласып, сахнада қазақстандық эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Ұланғасыр Ками, Akim, Марат Думан, Нұрбердиев Нұрсұлтан, Жанұзақ Елдос және Садық Бейбарыс әннен шашу шашты, сондай-ақ университетіміздің дарынды жастары өз өнерімен қуантты.Сстуденттер мерекесі MC Niko мен диджей Остиннің қатысуымен шоу мен би кешіне ұласты.

Жастар ұйымдарының комитеті ұйымдастырған іс-шара жоғары деңгейде өтті және барлық қатысушыларға ұмытылмас әсер қалдырды.

**Дидар ДІЛДӘБЕК**

ҚАМҚОРЛЫҚ

# ҚАРТТАР - АЛТЫН ҚАЗЫНАМЫЗ!



**Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым - қазынам» іс-шарасы өткізілді. Қазақстанда жылда бұл күні қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген ерен еңбектері мен мемлекетіміздің дамуына қосқан зор үлестерін жоғары бағалап, оларға сый - құрмет көрсетіледі.**

Университетіміздің Басқарама төрағасы - ректор Дархан Біләловтың алғы сөзімен білім шаңырағына айналған оқу орнымыздың қарттарын университетіміздің қалыптасуы мен өсіп - өркендеуіне қосқан үлестерін ерекше айтып, олардың тағылымды, өмірлік тәжірибелерін жоғары бағалады.

Қарттарға құрмет көрсету акциясы аясында Университет қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының қолдауымен Тәрбие әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті университетіміздің ардагерлеріне құрмет көрсетіп, азық-түлік себеттерін таратты.

# ДААД ШЕҢБЕРІНДЕГІ БАСҚОСУ



**ДААД қаржыландыратын «Pedagogical Professionalis mand Internationalisation – Dialogue withthe Post-SovietIslamic Education Space» халықаралық жобасы шеңберінде «Dual Modelsof Trainingof Future Pedagogical Professionalsinthe International Educational Space: Problems, Solutionsand Prospects» тақырыбында халықаралық конференция болып өтті.**

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ректоры Дархан Біләлов конференцияға қатысушыларды құттықтап, конференция тақырыбының маңыздылығын айқындап, халықаралық жоба және оны іске асыру аспектілері туралы айтып берді. Сондай-ақ, ректор Абай атындағы ҚазҰПУ, FAU және ASPU университеттері арасындағы халықаралық қатынастардың сақталуына сенім білдіріп, конференция қатысушыларына қызықты әрі нәтижелі жұмыс тіледі.

Пленарлық сессияда Anatoli Rakhkochkine (FAU), Ulviyya Hajiyeva (ASPU) және Ұлжарқын Әбдіғапбарова (Абай атындағы ҚазҰПУ) жобаларының үйлестірушілері баяндама жасады. Профессорлар өз зерттеулерімен және халықаралық жобаларды жүзеге асыру тәжірибесімен бөлісті. Жоба тобының жетекшісі, профессор Anatoli Rakhkochkine «International izationo feducationinthenet work Nuremberg Metropolitan Region» тақырыбында өз жобасын ұсынды, онда білім берудегі қала мектептерінде интернационалдандыру мәселелері қарастырылды. Абай атындағы ҚазҰПУ тарапынан жоба үйлестірушісі Ұ.Әбдіғапбарова өзінің республикалық ғылыми жобасымен, мұғалімдерге арналған дуальді-бағдарланған оқытуға арналған ғылыми мектебімен және оның нәтижелерімен таныстырды.

Түстен кейінп рофессор A.Rakhkochkine және PhD докторы Сая Байсұлтанованың модераторлығымен халықаралық конференцияның бірінш іпанелі өтті. KazDUAL халықаралық жобасының қатысушылары Баян Сапарғалиева, Асел Акпаева және Айман Берікханова өз жобаларының мақсаттарын, міндеттері мен нәтижелерін онлайн баяндамаларында ұсынды. Әзірбайжан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушылары Nazakat Aliyarova, Mirvari Gasimova, Gulnar Mirhuseynova Әзірбайжандағы дуальды білім туралы айтты. Тақырып конференцияға қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Абай атындағы ҚазҰПУ-нен Артем Носко, Лаура Нұртаева, Арайлым Дүсіпқызы, Айгүл Бибатчаева және Мадина Молдағали дуальды оқыту саласындағы өз зерттеулерін ұсынды және дуальды практикадан өту тәжірибесімен бөлісті.

Келесі күні конференция өз жалғасын тауып, онда практика кезінде педагогикалық және психологиялық көмек және педагогикадағы инновациялық әдістер туралы мәселелер талқыланады.

***Өз тілшімізден***

# «БОЛАШАҚТЫҢ» ТҮЛЕГІ ЖАСТАРМЕН ДИДАРЛАСТЫ



Абай университетінің «Рухани Жаңғыру» жобалық кеңсесі Республика күніне орай «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі, әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шыңғыс Нұрлановпен білім алушылардың әлеуметтік әлеуетін жақсарту және тәрбие мен білім беруді үйлестіру бойынша белсенді жастар арасында жұмыс тәжірибесімен алмасу мақсатында кездесу өткізді.

Шыңғыс Нұрланұлы 2010 жылы АҚШ-тың Вашингтон университетін бітіріп, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы түлектерінің қауымдастығында жұмыс істеп, жастармен жұмыс істеуге белсене араласты.

Кездесу барысында студенттерге «Болашақ» бағдарламасының қыр-сырымен таныстырып және студенттік өміріндегі болған қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Сонымен қатар, жастарға мерекенің тарихи маңыздылығы туралы түсінік беріп, оларды өз тарихымыз бен құндылығымызды сақтауға атсалысуға шақырды. Осы тұста, жастардың жеке дамуы мақсатында өзі оқыған бірнеше авторлардың кітаптарын оқуға кеңес берді.

Жиын ашық форматта ұйымдастырылғандықтан, білім алушылар Шынғыс Нұрлановқа көкейінде жүрген сауалдарын еркін қойып, қанағаттанарлықтай жауап алды.

**Сағыныш САНДЫБАЕВА**

ТАҒЗЫМ

# УНИВЕРСИТЕТ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРҒА БЕЛГІ ТАҚТА ҚОЙЫЛДЫ



Абай атындағы ҚазҰПУ-да Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын мерекелеу аясында университеттің құрылуына үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің құрметіне арналған белгі тақтаның салтанатты ашылуы өтті. Іс-шара «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Белгі тақтаны орнатудың басты мақсаты - Қазақстан тарихындағы тұңғыш жоғары оқу орнының алғашқы оқытушылар құрамын еске алып, құрмет көрсету және жастардың бойында ұлттық рух пен патриоттық сана-сезімді қалыптастыру.

Іс-шара А. Байтұрсынұлының жиен немересі Айман Байсалова мен Абай университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Мақтағали Бектемесовтың ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. Мақтағали Бектемесов Ұлт ұстазының университет тарихындағы орны мен педагогика саласына сіңірген еңбегін атап өтсе, Айман Қабиденқызы жастарға ізгі тілегін білдірді.

Қонақтар мен қатысушыларға университеттің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Әлмұхамбетов құттықтау сөз сөйлеп, ұстаздарға арнаған өлеңдерін оқыды. Жастарға тәрбие мен білім беру бағытында нұсқауларын берді. Университет педагогикалық кадрларды дайындап қана қоймай, білім алушылардың талантын жетілдіріп, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Солардың бірі, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті Серік Елдос мерекеге қатысушыларға арналған өлеңін орындады.

**Ақнұр ТӘУЕКЕЛ**

Жалғасы. Басы 1 бетте

ЮНЕСКО АЛАШ АРДАҚТЫСЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

# ҚИЯНАТҚА ҚАРСЫЛЫҚ



Біз еліміздің мәдениеті мен оның ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы туралы осы залда баяндамамен сөйлеуге мүмкіндік бергені үшін ЮНЕСКО-ның басшылығына ризашылығымызды білдіреміз. Осы орайда қазақ халқының француз мәдениетімен терең байланысы бар екендігін атап айту артық емес. Мәселен, Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлері туралы мәліметтің батыс елдері оқырмандарына А.Беннигсен, Ш.Лемерсье–Келькежей және басқа авторлардың еңбектері арқылы жеткендігін ұмыт қалдыру мүмкін емес. Француз жеріне саяси эмигрант ретінде келіп, ұлы іс тындырып, соңында мол мұра қалдырған біздің отандасымыз Мұстафа Шоқай Францияны екінші отаны санады.

18 ғасырда Франция әлемдік дамуға жаңа серпін берген үндеу жолдады. Ол бүгін де маңызын жоймаған үш-ақ сөзден тұрды. Олар Азаттық, Теңдік және Ағайындық. 19 ғасырдың ортасында бұл сиқырлы сөздер британиялық геосаясаткер Хэлфорд Маккиндер «Хартленд» (географическая ось истории) атаған еуразиялық континентке де жетті.

Бүгін ЮНЕСКО-ның ресми орталығында 150 жылдығы аталып отырған халқымыздың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың екінші он жылдығында шығып тұрған «Қазақ» газеті Азаттық, Теңдік және Ағайындық сөздерін ағартушылық қызметінің өзекті тақырыбына айналдырды.

Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлы кім, оның Орталық Азия, жалпы адамзат мәдениетіндегі орны туралы не айтуға болады деген тақырыпқа тоқталу парыз. Шығармаларын түрік және парсы тілдерінде жазған біздің жерлесіміз, ұлы ғалым Мұхаммед Мырза Хайдар мәдениетте, ғылымда шекара жоқ дейді. Яғни бүгін біз игілігін көріп, пайдаланып отырған мәдениет те, ғылым да бүкіл адамзат еңбегінің жемісі. Осындай ортақ ұлы игілікке жету үшін әрбір халыққа азапты қалыптасу және ұлттық бірегейлігі (идентичность) үшін күрес жолынан өтуге тура келді.

Ахмет Байтұрсынұлы Орталық Азия елдерінің тарихындағы жаңа ағартушылық кезеңнің өкілі. Еуропа халықтары бұл процесті 17-19 ғ.ғ. басынан өткерді. (Кстати американский ученый Стивен Фр.Старр. Центраз. регион (IX-XII в.в) называет одним из очагов просвещения до одноименной эпохи во Франции. Это проявление уважения к исторической правде).

А.Байтұрсынұлының қызметіне байланысты мен қысқа болсада ортаазиялық ағартушылықтың мұңлы тағдырына тоқталуға мәжбүрмін. Орталық Азия елдері өткен XX ғасырдың басында, яғни өзінің көп ғасырлық тарихында екінші мәрте ағартушылық процесін басынан өткерді.

Әлемдік өркениетке ағартушылық процесі ортағасырлық сана және құлдық көзқараспен күрестен басталып, ұлттық сана мен ұлттық ғылым және әдебиет тілінің қалыптасуымен аяқталған. Өткен ғасырдың алғашқы он жылдықтарында бұл процессбарлық ортаазиялық елдерде, сол сияқты қазақ елінде де жүрді. Өкінішке орай бұл процесс өзінің табиғи қалыптасу және өніп-өсу кезеңдерін толық жүріп өте алмады. Енді ғана басталған сәтінде сырттан дөрекі араласудың нәтижесінде күшпен сөндірілді. Бар болғаны жиырма жылға жетер-жетпес уақытқа созылды. Ағартушылық идеясы мен практикасын өмірге әкелген интеллектуалдар буынының сталиндік репрессия құрбаны болуы ұлттық сананың дағдарысқа түсуіне алып келді. Отарлық тәуелділікте болмаған халықтар мұндай қайғылы жағдайды бастарынан кешірген емес.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлт өмірін жаңа сұраныстарға бейімдеу ісіндегі қызметін асыра бағалау мүмкін емес. Оның қазақ тілінің алфавиті мен грамматикасын, тіл және ұлттық әдебиет теориясын жасау ісіндегі еңбегі қазақ ағартушылығының тәжі есебіндегі құбылыс. Қазақ азаттық қозғалысының лидері Әлихан Бөкейхановтың, А.Байтұрсынұлының қазақ ұлтына атқарған қызметін Кирилл мен Мефодидің, Новиков пен Радищевтің славян және орыс халықтары үшін атқарған қызметімен теңгеруі ұлы ағартушының жалпытүркілік мәдениеттегі орнын анықтау ғана емес, сонымен бірге оған көрсетілуге тиіс құрметті абақты азабына ауыстырған саяси жүйеге айтылған қарғысы да еді.

А.Байтұрсынұлы өзін ағартушылық қызметтегі педагог санады. Сонымен бірге отарлық езгідегі халықтың перзенті ретінде елін тәуелділіктен құтқаруды көздеп жұмысын режимге қарсы саяси идеялармен ұштастырды. Мақсатқа ұлттың мәдениеті мен санасын көтеру арқылы ғана жету мүмкін деген сенімде болды.

XX ғасыр басында өзгерістер жолына түскен қазақ елін үш ұлы күш – білімді Зиялылар, олардың аузымен айтылған дәлелді Сөз, сондай-ақ осы екеуін қазақ қоғамымен жалғастырған мерзімді Басылым – елдің өмірін өзгертті, оны жаңа сапаға көтерді, санасында үміт отын жақты. Осы процестің басында Ахмет Байтұрсынұлы, ол басқарған ұлттың ақыл-ой орталығына (умственный центр народа) айналған «Қазақ» газеті тұрды.

Қазақ қоғамында басталып кеткен қозғалыс барлық көріністермен ұлт-азаттық сипат алып, күн тәртібіне ең өзекті деген екі мәселе қойылды: біріншіден, қазақ жерін отарлау процесіне шек қою және екіншіден, метрополиялық орталыққа қазақты мемлекетті ұлт дәрежесінде мойындату болды.

Міне бұл екі доминантты мәселе жалпы империялық күшке айналған большевиктер партиясы мен қазақ азаттық қозғалысы басшылығы арасындағы өзара бітіспес қарсыласу тақырыбына айналды.

1. Ресейлік марксистер адамзат тарихы – бұл тапаралық күрес тарихы, өз ретінде ол пролетариат диктатурасының орнауына соқтырмай қоймайды деген ұстанымды басшылыққа алып, билікке келген бетте тапаралық күрес идеясын империя құзырындағы барлық халықтардың өміріне күшпен енгізу жолына түсті.

2. Өз ретінде Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған азаттық қозғалыс басшылығы коммунизм идеясын қазақ қоғамына мезгілсіз жеткен «жат қонақ» (чужая гостья) есебінде бағалап, оған антиколониалдық күрес арнасында тұрған халықтарды әлсіретуге соқтыратын арандатушылық (как подрывная деятельность!) әрекет есебінде сезіктене қарады.

А.Байтұрсынұлы қазақ жерінде социалистік қоғам құру идеясын қабылдаған жоқ. Большевиктер ойластырған қоғамдық қатынастар жүйесіне өтуге қазақ қоғамының даярлығы жоқ деп санады. Сол сияқты Советтік орталықтың Қазақстанда орнатқан билік түрін қазақ ұлтының негізгі сұраныстарынажауап бере алатын билік жүйесі ретінде мойындаған жоқ.

А.Байтұрсынұлы Совет үкіметінің басшысы В.И.Ленинге жолдаған хатында «Қазақтарға не керегі анық және түсінікті. Ғасырлар бойы империялық езгіде болған халық өз билігі өзінде болғанын қалайды», - деп жазды. Саяси билікке қатысты өз ұстанымын білдірумен бірге ол совет өкіметінен өзі жақсы білмейтін елде радикалды әлеуметтік реформаларды жүргізбеуді талап етті. Өкінішке орай, советтік орталық толық негізді бұл ескертулерге құлақ асқан жоқ.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы жүріп өткен жол бұл халық өміріне жасалған қиянатқа төзбеушіліктің және оған көрсетілген ымырасыз қарсылықтың үлгісі. Ол өзі саналы түрде таңдап алған бұл өмірлік жолы туралы «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп жазды. 1929 жылы Мәскеуде өткен тергеу процесінде өмірлік идеалын мынадай сөздер арқылы білдірді: «Менің өмірлік ұстанымым – қазақ халқының мәдениетін көтеруге мүмкін болғанша жағымды жағдай туғызу. Өйткені осы жол ғана оның өніп-өсуіне кепілдік бере алады. Осы іс қандай өкіметтің қолынан келсе мен сол билікке разы болмақпын». («Мой идеал это всемерное повышение культурного состояние казахского народа, т.к. в этом залог его развития и какая власть это сможет обеспечить, той я и буду доволен»).

А.Байтұрсынұлы бастаған интеллектуалдар буынының мәдениет және саяси күрес тарихынан ысырылғанына міне жүз жылға жуық уақыт өтті. Олар жүргізген күрестің өміршеңдік сипатына қатысты кейінгі уақыт нені көрсетті? 1928-1933 ж.ж. қазақ жерінде орын алған аштық, халықтың жартысына жуығының осы нәубеттен қырылып қалуы, большевиктік билік тарапынан жергілікті ерекшеліктерді ескерусіз қалдырып, халықтың қалыптағы өмірін радикалды реформалар арқылы тез арада өзгерту әрекетінің қате болғандығының дәлелі еді.

Ал жоғарыда қойылған сауалға қысқа жауап берер болсақ, онда сөзімізді «халқының болашағына байланысты Ахмет Байтұрсынұлы мен оның идеялас серіктері тура жолда тұрды» деген жауаппен аяқтаған болар едік.

**Профессор Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ**

УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШТАРЫ

# ЖАҢА БУЫН ҒАЛЫМЫ



**Мынау ешқандай өлшемге саймайтын алмағайып өмірде «өз орнымды таптым» деп кесіп айтатын біреу бар ма екен? Бар болса, солардың қатарына филология ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» бағдарламасының түлегі, Эксетер және Ноттингем университтерінде (Англия) академиялық ағылшын тілі курстарын оқыған және Ноттингем университетінің магистратурасын «Білім саласындағы басқару» мамандығы бойынша бітіріп шыққан, қазір Абай атындағы ҚазҰПУ-да аға оқытушы Еділбай Оспановты қосуға болатын шығар.**

Әрине, ол мұндай жетістікке өзінен өзі жеткен жоқ. 1981 жылы Оңтүстіктегі Бабайқорған елді мекенінде дүниеге келген Еділбай Абай атындағы орта мектепті 1998 жылы бітіріп, осы жылы Алматыдағы Заң колледжіне заңгер мамандығы бойынша оқуға түседі. Осы колледжді 2000 жылы арнайы орта заңгер деген дәрежесімен үздік бітіреді. 2001 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университетінің филология факультетіне «қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2005 жылы үздік дипломмен аяқтайды. 2005-2008 жылдары аралығында аталған жоғары оқу орынының магистратурасын «филолог-педагог» мамандығы бойынша оқиды және оны да үздік дипломмен тәмәмдаған соң өзі оқыған университетте оқытушылыққа қалдырылады. Содан бері оның бүкіл педагогтік қызметі осы оқу орны мен тығыз байланыста өрбіп келеді. Ол осында қызмет атқара жүріп, белгілі тілші ғалым, академик Фаузия Оразбаеваның жетекшілігімен 2010 жылы «Тілдік бірліктердің қатысымдық табиғаты (Ғ.Мүсірепов шығармалары бойынша)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. Кандидаттық зерттеу жұмысының нәтижесінде Ф.Оразбаевамен авторлық бірлестікте «Коммуникативтік мағына негіздері» (2012 ж.) типтік бағдарламасын жариялағандығы да көтің есінде. Қазіргі таңда қос ғалымның аталған жұмыстары Қазақстан ЖОО-да оқытылатын «Коммуникатитік мағына негіздері», «Қазақ тілінің лексикологиясы», «Қазақ тілінің семантикасы», «Тілдік қатынас теориясы», «Коммуникативті грамматика», «Қазақ тіліндегі синтаксистік парадигма» пәндерін оқытуда кеңінен қолданылатынын айта кетсек артық емес.

Ғылым демекші, «ғылым – инемен құдық қазғандай» өте қиын мамандық. Бейнеті мол, кедергісі қисапсыз шаруа түсінген кісіге. Еділбай 2012 жылы «Болашақ» бағдарламасының иегері болады және оны 2015 жылы Англия еліндегі Ноттингем университетінің магистратурасын «Білім саласындағы басқару» мамандығы бойынша аяқтайды. 2016 жылдан бастап «Нархоз» университетінің «Экономика» кафедрасында доцент болып қызмет атқарды. Осы жылдары аталған оқу орнында жүргенде өз бетінше «Академиялық жазылым» пәнінің бағдарламасын жазып, оны ЖОО-ларда оқытудың әдістерімен айналысты. Бұл пән бойынша «Академиялық жазылым. Эссені қалай жазуға болады?» онлайн-курсын құрастырды (2016) және 90 академиялық сағаттан тұратын «Жоғары оқу орындарының студенттеріне академиялық бағытта жазба жұмыстарын жазуды үйретудің жолдары» атты семинарын жүйелі түрде жүргізіп келді (2019). Яғни, жас ғалымның айналысытан ғылыми бағыттары туралы сөз қозғасақ, олар – тілі білімі, тілдік қатысым, білім саласындағы басқару, академиялық жазылым. Бұл бағыттар бойынша қазақ және ағылшын тілінде отыздан аса ғылыми мақалалар жариялапты. Ал, ғылымның бұл саласы айрықша төзімділікті, шыдамдылықты талап ететіні айтпаса да белгілі. Осы тұста талантты ғалымның «Академиялық жазылым» пәнін оқытуға қажетті мынадай оқу құралдарының авторы екендігін айта кеткіміз келеді: «Академиялық жазылым: шағын эссе мен шағын зерттеу жұмыстарын жазу» (2019 ж), «Академическое письмо: основы написания исследовательской работы» (2020 г.), «Тілдік бірліктердің қатысымдық табиғаты (Ғ.Мүсірепов шығармалары бойынша): Монография» (2021 ж.), «Эссе және оның түрлері» (2022 ж.).

Ал, білікті маманның кез келген әңгімесінің тұжырым түйіндері қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемелері мен ғылыми жүйеленген нұсқаларына тіреліп, қазіргі білім жүйесінің заманауи бастамаларымен тоқайласып жатқанын біз заңдылық деп ұғынамыз.

–Бүгінгі білім беру жүйесінің басты кредосы – өзгеріс, жаңару, даму және өркендеу. Соған байланысты заманауи сұраныстарға сәйкес тың идеяларға қолдау көрсетіп, оң бастамалардың қолданысқа енгізілуіне жол ашылуы керек. Осы тұста айта кетсем, қолданыстағы жаңартылған білім беру бағдарламасы – сапалы білім алуға негізделген заманауи үлгідегі бағдарлама деп сеніммен айтуға болады. Онда әр пәннің әлеуетін қолдануға, оқу, жобалау, зерттеу тәсілдерін меңгерту арқылы студенттердің тұлғалық дербестігін дамыту көзделген. Осыған орай оқытушылардың қоғамға көзқарасы, сабақ өткізу әдісі, сондай-ақ білім алушылардың да қоғамға және өзара қарым қатынасы өзгеріске түсіп жатыр. Оқытушылар әміршілдік стильден арылуда. Студенттер оқу процесі барысында тек тыңдаушы, орындаушы ғана емес, ізденуші, тұлғалық қасиетін қалыптастырушы ретінде дәріс алатын деңгейге жете бастады, – дейді жас ізденуші.

**Болат ЖҰМЫНҰЛЫ**

**Тарих және құқық институты директорының тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Манапов пен институттың студенттік кеңес мүшелерінің ұйымдастыруымен қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алаш орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері Мұхамеджан Тынышбайұлын еске алу кеші және «Мұхамеджан Тынышбаев: Ғасыр жобасы» деректі фильмінің көрсетілімінің тұсаукесері болды.**

# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ



Кеш қонақтары әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шыңғыс Нұрланов, Тарих және құқық институтының директоры Ғабит Кенжебаев, тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Гүлбану Жүгенбаева, «Мұхамеджан Тынышбаев» қорының Президенті, фильмнің кеңесшісі Нұршакен Жүнісова (Мұхамеджан Тынышбаевтың жиен немересі), «Мұхамеджан Тынышбаев: Ғасыр жобасы» деректі фильмінің қоюшы режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жаңабек Жетіруов, фильмінің сценарий авторы және продюсері Базаргүл Абульдина, «Мұхамеджан Тынышбаев» қорының атқарушы директоры Рүстем Аитов және Тарих және құқық институтының профессор-оқытушылары мен студенттері. Шара барысында баяндамалар оқылып, фильмнің толық нұсқасы көрсетілді.

**Мұхтар МҰРАТҚАЗИН**

КӨРМЕ

# «ӨНЕР СИҚЫРЫ»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл - Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Бұл дегеніміз биылғы жылы жас буынның тәрбиесі мен біліміне баса мән беріледі.**





Осыған орай ҚР Мемлекеттік орталық музейінің Балалар жылына орай ұйымдастырылған «Өнер сиқыры» халықаралық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы көрмесі өтті. Көрменің жоғары дәрежеде өтуіне қолдау білдіріп, белсенділік танытқан Абай университетінің Басқарма төрағасы - ректор Дархан Біләлов, Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Тайыржан Искаков, «Дизайн» кафедрасының профессоры Раушан Канапьянова және «Көркем білім» кафедрасының оқытушысы Болатбек Нұрбатыровты ерекше атап өткіміз келеді.

**Ақерке ЫСҚАҚ**

ЖӘРМЕҢКЕ



# «МЕН ҰСЫНҒАН КІТАП»

**Математика, физика және информатика институтының «Kitap time» оқырмандар клубының ұйымдастыруымен «Мен ұсынған кітап» жәрмеңкесі өткізілді.**

Жәрмеңкені МФжИ институтының директоры Бақыт Сыдықов пен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жасұлан Мұхашев ашты. Жәрмеңке 7 институт студенттерінің қатысуымен өтті. Әрбір жас оқырман жәрмеңке туралы өз пікірінде мұндай пайдалы және қажетті іс-шараларды мүмкіндігінше жиі өткізу керек екенін айтты. Біздің студенттер ғана емес, сонымен қатар бос уақытында кітап оқуға жұмсайтын оқытушылар да қатысты.

Келген әрбір адам жәрмеңкеде іздегенін тапқанына күмән жоқ, өйткені үстелдер балалар ертегілерінен бастап детективтерге дейінгі барлық жанрдағы кітаптарға толы болды.

Оқырманның айналасындағы әлем әрқашан кітапқа ену кезінде таңғажайып нәрселерге толы. Өз кітаптары туралы мәлімдеген студенттерді бақылай отырып, біз олардың көздерінде оқуға деген шынайы сүйіспеншілігін растайтын ұшқын байқадық. Жәрмеңкеге байланысты үміт толығымен ақталды.

Жақында ғана университетіміздің табалдырығын аттаған студенттеріміз МФжИ институтының ғимаратында орналасқан кітапханаға тіркелуге өте белсенді кірісті. Бұл жәрмеңкенің басты мақсаты, жас ұрпақты, ынталы студенттерді кітап оқуға ынталандыру болды!

**Ж. МҰХАШЕВ**

ҚОҒАМ

# СТУДЕНТТЕР *сыбайлас жемқорлыққа қарсы!*



Филология институты студенттерімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің офицері Қамбар Усиповпен «Студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында кездесу болып өтті. Кездесуде білім алушыларға институттың ішкі тәртібі мен негізгі ережелері таныстырылды. Жемқорлық өскелең жасты биікке шығармайтыны, тек қана өз біліміне сенген жастың мүмкіндігі көп екені туралы ақпараттар берілді. Кездесу қонағы Қамбар Усипов әділетті қоғам құру үшін жастар тек өз еңбегімен ғана жетістікке жету керек екенін баяндады.

САЯХАТ

# ТАЛАЙДЫ ЖҰТҚАН *жыра...*

Жыра деген не өзі? Жыра-қар немесе жауын-шашын суларын бұзу әрекетінен пайда болған ойыстар. Бұл-менің түсінігімдегі жыра ұғымы ғана болатын. Әттеңі, мамыр айының 31 жұлдызында жасалған экспедиция барысында оның IX-XX ғасырларда мүлдем басқа мақсатта пайдаланылғанын білгенде жүрегім қан жылады... Сонда оны тура 1 ғасыр бұрын қандай мақсатта пайдаланды? Толығырақ тоқталып көрейік...

31.05.2022 жыл. Қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күнімен тұспа-тұс келген танымдық саяхат. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ф.ғ.к Ерлан Сламбекұлы Касеновтың және 101,102 топ эдвайзерлері Рахметова Райгуль және Сейтали-ева Қарлығаш Орынқызының ұйымдастыруымен Талғар ауданы, Жаңалық ауылында орналасқан «Саяси репрессия құрбандарына» арналған мұражайға табан тіредік. Мұндағы атмосфера күнделікті көңіл-күйді бір сәтке ысырап тастап, жаныңа жабырқау сезім сыйлайды. Қызығы, ол сезім мені, сол жерде бірге болған топ студенттерін өткенге көз тастап болашағына ұлтжандылықпен қарап, патрио-тизмді қалыптастыруға себеп болғаны анық.

Ал, әлгі жыра ше? Тарихымызға сүйенсек, Алматы төңірегінде қазылған бұл жыраны жұттан немесе әртүрлі аурулардан қырылған жылқылар үшін қазылып жатыр деген жалған сөзбен халықты сол кездегі Кеңес үкіметінің солдаттары алдағанымен оны өз көзімен көрген сол заман балалары бізге мүлдем басқа ақиқаттың көзін ашқан екен.

Ендігі сол жыраны не үшін пайдаланғанын Ерлан Сламбекұлы, эдвайзерлеріміз осы кезге дейін естіп, көрген-білгенімен тарқата айтып берді. Айтуынша, мұнда күн сайын төрт, кейде, алты жүк көлігімен атылған адам денелерін әкеліп, оның бетін топырақпен жасырын көміп тастаған. Тіпті жалаңаяқ адамдарды тірі күйінде әкеліп, шұңқыр шетіне тұрғызып шекесінен атқан екен. Сонда онда атылғандар кімдер болатын? Иә, бұл сұраққа да жауапты музей ішінде жинақталған көненің көзі-құнды деректерімізден тауып алдық. Ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерін, атап айтқанда, солардың бірі-Жетісу өңіріне белгілі тұлға-Жәрмеңке Мәмбетов Патша үкіметінің қуғын-сүргінге ұшыраса, 1937-1938 жылдары қазақ зиялылары Кеңес үкіметінің құрбаны болды.

Сталиндік қу саясат. Аяқ астына тапталған адам құқығы. Оған қарамастан саясатқа қарсы пікір білдірген кез келген адамды «ертеңгі күні бізге, Кеңес үкіметіне қарсы шығады!» деп танығандықтан «халық жауы» деп өмірін қиды. Оған дәлел кешегі біз әдебиеттің «үш бәйтерегі» деп білетін алыптар-дың бір күнде қыршын қиылуы емес пе? Міне, сол кезеңдегі, тарихымыз үшін ауыр да қасіретті күндер саналатын IX-XX ғасырларда сол жыраның талай қазақ зиялысын аш қасқырша жұтып, бүгінде әлі күнге дейін мүрделері табылап жатқандығы өтірік емес.

Қорытындылай келгенде, тарихты айтып, жаттанды сөз ету жеткі-ліксіз. Көру керек. «Тарих» деп аталатын өткен күнді, ондағы сан ғасырлық тарихы бар оқиғаларды, үкімет билігінен аяусыз қиындық көрген жауһарларды, олардың мол мұрасын кітап беттерінен емес, барып, ондағы атмосфераны өз жанымызбен сезінгенде қандай сезімде болар едіңіз?! Ал, енді ойланыңыз, менің бұл айтқандарым ойларымның бір бөлігі деп қарасақ айтылмай, жарыққа шықпай тұңғиық түбінде жатқан сезім қаншама?.. Ендеше сіздің үш экспозициялық бөлімнен тұратын мұражайға қонақ болып кетуді ұсынамыз. Келіңіз, сіз де өз тарихыңызды зерделеңіз!

**Кэтрин ОРЫНБАЕВА**

БІЗДІҢ ЖЕҢІМПАЗДАР!

## НЫСАНА КӨЗДЕУ




Педагогика және психология институтының 1-курс студенті Жәнібекқызы Нұрай стенд атудан Алматы қаласында өткен Азия чемпионатында (28-шілде - 8-тамыз) және Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында (5-12 қыркүйек) жақсы нәтиже көрсетіп, II орын иеленді.

Құттықтаймыз!

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ



4-9 қазан аралығында Қарағанды қаласында тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының біріншілігі өтті. Жарысқа барлығы 14 команда қатысты.

Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институты дене шынықтыру және спорт кафедрасының 2 курс студенті Сарсенбаева Забира 3-ші орынға ие болды. Абай атындағы ҚазҰПУ бас жаттықтырушысы Иралина Мира. Құтты болсын!

## ҰЛЫ ЖАЗУШЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ

**Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына орай университетімізде қалалық шағын футболдан турнир өткізілді. Мақсаты - жастардың ел тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын ояту, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау.**




Осы спорттық іс-шараның арқасында біз халық жазушысы Мұхтар Әуезовтің ұлы мұрасына құрмет көрсетеміз. Мұхтар Әуезов спортпен белсенді айналысып, Қазақстанның бірінші футбол құрамасында өнер көрсеткенін айта кеткен жөн. Бұл жас ұрпаққа үлгі.

Жарысқа Алматы қаласының жоғары оқу орнынан 16 команда қатысты. Ойынның қорытындысы бойынша 1 орынға - Абай атындағы ҚазҰПУ ие болса, 2 орынды - Туран университеті, 3 орынды - Қазақ спорт және туризм академиясы жеңіп алды. Сондай-ақ, «Үздік қорғаушы» - Тимур Бегалиев (Туран университеті), «Үздік шабуылшы» - Айдос Мақай (Абай атындағы ҚазҰПУ), «Үздік қақпашы» - Бегімхан Нарымбет (Қазақ спорт және туризм академиясы) танылды.

***Өз тілшімізден***

СТУДЕНТТІК ӘЗІЛ

**Аялдамада тұрған жігітке, жас келіншек жақындап келіп:**
**–Кешіріңіз, қателеспесем сіз менің бір баламның әкесі боласыз?**
**Жігіт:**
**–Мен бе? Мүмкін емес!!! Қайдағы бала, аулақ жүр менен! – десе, келіншек:**
**–Не болды сізге шошынып? Мен 3 «ә» сыныбының жетекшісімін ғой, - депті.**

ABAI UNIVERSITY
МЕНШІК ИЕСІ: АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Бас редактор**
Болат ШАРАХЫМБАЙ
**Көркемдеуші-дизайнер**
Нұрбол ЖЕТІГЕНОВ
Ақерке ЫСҚАҚ
**фототілші**
Серік ИМАНҚҰЛОВ

**Редакцияның мекен-жайы:050010**
**Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме.**
**Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56**
**Газет бүкіл республикаға тарайды.**

**Тапсырыс № 221**
**Индекс 65285**
**Таралымы 1000**
**●Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.**
**● Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.**

**«ҰЛАҒАТ» баспасының баспаханасында басылды**
**Баспа директоры Таңат ӘЛИАСҚАРОВ**
**Баспаның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.**

**Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 ж. тіркеліп, тіркеу туралы №9874 -Г куәлігі берілген**